

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

14 қазан 2024

№: AIFC-C/SCC/2024/0030 ic

«Quantum Capital Ltd» Жеке Компаниясы

Талапкер

қарсы

Сәния Ғабдуллина ханым

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Лорд Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Төмендегі 2-тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, талап-арыз қанағаттандырылмайды.
2. Жауапкердің 2024 жылғы 30 қаңтардағы хатында Келісімді болжалды бұзуы жарамсыз деп танылды.
3. Тараптар шығындарды өздері көтеруге міндетті.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. Осы талап арыз бойынша, Талапкер Quantum Capital Limited (Астананың Қаржылық қызметтер басқармасы 2023 жылдың 28 ақпанында АХҚО-да реттелетін қызметті жүзеге асыруға берген лицензиясы бойынша уәкілетті компания) Жауапкер Сания Габдуллина ханымға қатысты тараптар талапкердің жауапкерге активтерді басқару қызметтерін көрсетуге келіскен келісімшарттан (осы шешімде «**Келісім**» деп аталатын 2021 жылдың 13 желтоқсанындағы №7045/DU Келісім) туындайтын әртүрлі құқықтық қорғау құралдарын іздестіруде.
2. Келісімнің 16.1-тармағында «*Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Астана» Халықаралық Қаржы Орталығының (АХҚО) тиісті заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі*». 16.3-тармақта АХҚО Сотына Келісімге сәйкес кез келген дауларға қатысты юрисдикция беріледі.
3. Талап-арыздың қаржылық құны, талап-арыз нысанында көрсетілгендей, 52 622 АҚШ долларын құрайды, сондықтан іс жүргізу АХҚО Ұсақ Даулар Сотының құзыретіне жатады (АХҚО Соты Ережелерінің 28.2-тармағын қараңыз).
4. Бұл істегі басты мәселе фактілер дауы болса да, тараптардың ешқайсысы тыңдауға немесе куәгерлік айғақтарды келтіруге ұмтылмады. Бұл жағдайларда сот, тепе-теңдікте болса да (тараптар арасындағы нақты келіспеушіліктерді ескере отырып), талап қоюды талқылаусыз қағаз жүзінде дұрыс анықтауға болатынына көз жеткізеді.
5. Талап қою ісі сотқа дейінгі хат алмасудан кейін қозғалды, Талапкер 2024 жылғы 19 қаңтарда талап қою алдындағы хат жолдап, Жауапкер 2024 жылғы 30 қаңтарда жауап хат жіберген. Сотқа дейінгі хат алмасу тараптар арасындағы дауды шешпесе де, даудың мән-жайын нақтылауға септігін тигізді. Сот тараптардың сот процесін бастамас бұрын осындай конструктивті әрекетке барғанын жоғары бағалайды.

Талап қою үшін негіз

6. Жоғарыда айтылғандай, Келісімге сәйкес Талапкер Жауапкермен келісім-шарт талаптарына сәйкес оған активтерді басқару бойынша қызмет көрсетуге міндеттелді. Бұл тараптар арасында даулы мәселе емес сияқты. Сотқа Келісімнің қол қойылған көшірмесі берілді және оның түпнұсқалығына күмән келтіруге негіз жоқ (сондай-ақ оны тараптардың ешқайсысы осыған шақырған жоқ).

7. Сондай-ақ, Сот оған ұсынылған дәлелдер негізінде Талапкердің барлық маңызды кезеңдерде активтерді басқару қызметтерін ұсыну бойынша ортақ бизнеспен айналысқанына және оны көптеген клиенттер үшін жасағанына көз жеткізді. Ол өзін *«активтерді басқаратын, мемлекеттік акцияларға инвестиция салатын Қазақстандағы ең ірі компания»*¹ деп атайды, дегенмен бұл сипаттаманың дәлдігі соттың анықтауын қажет етпейді.
8. Бұл жағдайда Талапкердің осы талқылауға әкеліп соққан оқиғалар туралы нұсқасы келесідей:²
- a. 2023 жылғы 28 шілдеде Талапкер Exante платформасы арқылы Талапкер басқаратын барлық портфельдердегі Alibaba акцияларының үлесін 2%-дан 5%-ға дейін арттыру туралы бұйрық берді.
 - b. Талапкердің мәлімдеуінше, және Сот онымен келіседі, бұл транзакция Келісімнің 8.1-тармағына сәйкес жасалған, осының негізінде Талап қоюшы *«жақсы нәтижеге жету үшін бір уақытта бірнеше клиенттер үшін бірдей Құралдарды сатып алу немесе сату туралы шешім қабылдау»* құқыған алған.
 - c. Жоғарыда аталған транзакция нәтижесінде Жауапкердің клиенттік шотында 157 681 АҚШ доллары сомасы құралған.
 - d. Кейіннен Талапкер ол «мәмілені қате орындау» деп атағанының салдарынан оның клиенттерінің Alibaba-дағы позициялары жоспарланған 5% үлесінен асып түскенін анықтады. Бұны анықтағаннан кейін бірден Талапкер 5%-дан асатын артық позицияларды сатты (қайтадан).
 - e. Осы қайта сату процесінде Жауапкердің шотындағы артықтар (нөмірі AZC2203. 001) басқа шотта (Сайфулла Кемалов аатындағы нөмірі AZC2206.001) жоспарлы сатудың орнына екі данада қате сатылды, ол шот осы қателік салдарынан жоспарланғаннан 5% артықпен қалды.
 - f. Нәтижесінде жауапкердің шотына 52 622 АҚШ доллары көлемінде үстеме пайда түсіп, Кемалов мырзаның шотына 52 525 АҚШ доллары көлемінде шығын келтірілді.
9. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (**«ҚР АК»**) 8-бабына сүйене отырып, Талапкер Жауапкер *«басқа клиенттің - С.Кемаловтың шығынын өтеу үшін негізсіз алынған үстеме пайданы қайтаруы керек»* деп мәлімдейді. Талап арыз нысанында осыған байланысты *«негізсіз байығаны»* үшін 52 622 АҚШ долларын төлеу туралы талап бар.
10. Сайфулла Кемалов осы талқылауда тарап болып табылмайды және тарап ретінде мәлімделмеген. Талапкер да, Жауапкер де оны тарап ретінде тарту туралы мәлімдеген жоқ.
11. Талапкер сондай-ақ Жауапкер Келісімді өзінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы хатында біржақты тәртіппен бұзды дейді, Талапкердің пікірінше, бұл ҚР АК 401-бабымен қоса Келісімнің 14.1-тармағына қайшы келеді. Осыған байланысты қаржылық қорғау құралдарын ұсыну туралы талаптар Талап арыз нысанында мәлімделмеген. Оның орнына Талапкер соттан *«[Жауапкерді]*

¹ 2023 жылғы 29 тамыздағы электрондық пошта: төмендегі 2-ескертпені қараңыз.

² Бұл түйіндеме талап-арыз нысанынан, Талапкердің талап-арызға дейінгі хатынан және Талапкердің 2023 жылғы 29 тамыздағы Exante-ге жіберген электрондық поштасынан алынды (оның көшірмесі сотқа жіберілді, оның түпнұсқалығына жауапкер дау айтпайды). Сот сондай-ақ талап-арыз нысанымен бірге ұсынылған растайтын құжаттарды да назарға алды.

Келісімнің 14.1-тармақта көрсетілген талаптарын айтарлықтай бұзды деп тануды» сұрайды.

12. Келісімнің 14.1 тармағында қарастырылады:

«Осы Келісім-шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың кез келгені болжамды бұзу күнінен кемінде 30 (отыз) күн бұрын берілген жазбаша хабарлама арқылы бұзғанға дейін қолданылады.»

13. ҚР АҚ 401-бабы Талап-арыз нысанында толық баяндалады. Оның ережелері мыналарды қамтиды:

1. *«Егер осы Кодексте, өзге де заң актілерінде және шартта өзгеше көзделмесе, шартты өзгерту және бұзу тараптардың келісімі бойынша мүмкін болады.*
2. *Тараптардың біреуінің талап қоюы бойынша шарт сот шешімі бойынша тек қана мынадай жағдайларда өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін:*
 - 1) *екінші тарап келісімді елеулі түрде бұзған кезде;*
 - 2) *осы Кодексте, өзге де заңнамалық актілерде немесе шартта көзделген өзге де жағдайларда.*

Екінші тарап ол шартты жасасқан кезде сенуге құқылы болған нәрседен елеулі түрде айырылатындай залалға әкеп соққан дәрежеде тараптардың бірінің шартты бұзуы елеулі түрде бұзу деп танылады.»

14. Талап қоюшы сондай-ақ ҚР АҚ-нің 953 және 954-баптарына сілтеме жасайды. Оларда мыналар қарастырылған:

«953-бап. Негізсіз баяуды қайтару міндеттемесі

1. *Заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), осы Кодекстің 960-бабында көзделген жағдайлардан басқа ретте, негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баяу) алдыңғысына қайтаруға міндетті.*

....

2. *Осы тараудың ережелері негізсіз баяу мүлікті иеленушінің, жәбірленушінің өзінің немесе үшінші тұлғалардың пиғылының нәтижесі не оқиғаның салдары болып табылғанына қарамастан қолданылады.*

954-бап. Негізсіз баяуды қайтаруға қойылатын талаптардың азаматтық құқықтарды қорғау жөніндегі басқа талаптармен арақатынасы

Осы Кодексте, басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе және тиісті қарым-қатынастар мәнінен өзгеше туындамаса, осы тараудың ережелері:

- 1) *жарамсыз мәміле бойынша орындалғандарды қайтару туралы;*
- 2) *меншік иесінің мүлікті бөгде біреудің заңсыз иеленуінен сұратып алуы туралы;*
- 3) *міндеттемедегі бір тараптың екіншісіне осы міндеттемеге байланысты орындалғандарды қайтару туралы;*

4) зиянды, оның ішінде байыған тұлғаның теріс пиғылынан келтірілген өтем туралы талаптарға да қолданылуға тиіс.»

Жауапкердің ісі

15. Жауапкердің талап қоюға жауап позициясы талап қойылғанға дейінгі хатқа берілген оның 2023 жылғы 30 қаңтардағы жауап хатында және Талап арыз нысанына жауап ретінде берілген, «Талап арызға қарсылық» деп аталатын, бірақ мәні бойынша АХҚО Соты Қағидаларының 28.12(2) қағидасына сәйкес ұсақ талап қою бойынша қарсылық (Талапкерге нақты қарсы талап жоқ болған жағдайда) болып табылатын құжатта баяндалған.
16. Мәні бойынша, Жауапкер Талапкер оған пайда әкелген қателік орын алғанын дәлелдеген жоқ, оның пайдасы мен Кемалов мырзаның залалдары арасындағы себеп-салдарлық байланыс дәлелденген жоқ дейді. Оның пікірінше, Кемалов мырзаның залалдары Талапкердің шалағайлығының салдары болып табылады. Ол Талапкер өзінің Кемалов мырза алдындағы жауапкершілігінің орнын толтыруға ұмтылып отыр деп, Кемалов мырза (онымен өзі шарттық немесе өзге құқықтық қатынастарда емес) осы талқылау процесінің тарабы болып табылмайтынын және ол Жауапкердің пайдасы өзін залалдарға әкелгенін айтып отырған жоқ деп атап өтті.

Сот қорытындылары

17. Бұл талқылауда дәлелдеу міндеті Талапкерге жүктеледі.
18. Сот Талапкер өзінің дәлелдемелер беру міндеттемесін орындаған жоқ деген қорытындыға келеді. Қарастырылып отырған транзакциялар бойынша ұсынылған дәлелдер әрі кетсе екіұшты сипатта болып табылады. Қандай да болмасын тікелей дәлелдер жоқ, ал ең жарамдысы – Талапкер мен Exante арасындағы электрондық пошта арқылы хат алмасу, оның орын алған оқиғаларға қатысты дәлелдеу мәні шектеулі. ҚР АҚ 953 және 954-баптарының мағынасында негізсіз баю орын алғанына ұсынылған дәлелдемелердің негізінде Соттың көзі жеткен жоқ. Осыған байланысты Жауапкердің дәлелдері қабылданды.
19. Сонымен қатар, қалай болғанда да, Жауапкердің кінәсінен қандай да бір шығынға ұшырағанын Талапкер жеткілікті түрде дәлелдеген жоқ. Әрі кеткенде, оның позициясы мынандай: Кемалов мырза жанама шығынға ұшырады, алайда Жауапкер мен Кемалов мырза арасында ешқандай құқықтық қатынастар жоқ. Осы шешімде бұрын айтылғандай, Кемалов мырза бұл талқылаудың тарабы болып табылмайды және Талапкер де, Жауапкер де оны тарап ретінде тарту туралы арыз берген жоқ.
20. Келісімді бұзу туралы мәселе қалды. Жауапкердің 2024 жылғы 30 қаңтардағы хаты Келісімнің 14.1-тармағының талаптарына сәйкес келмейтіні айқын. ҚР АҚ 401-бабы осы тармақты растайды және оны назардан тыс қалдыруға негіз бермейді. Сонымен, осы хатта айтылған шартты болжамды бұзу жарамсыз болып табылады. Келісім күшінде қалады.

21. Осы себептерге байланысты, Сот Жауапкердің 2024 жылғы 30 қаңтардағы хатындағы Келісімді болжамды бұзуы жарамсыз деп санайтын бұйрық шығаратындығын қоспағанда, талап арыз қабылданбай тасталады.

Шығындар

22. Сот АХҚО Соты Қағидаларының 26.9 қағидасында көзделген белгіленген ережеден ауытқу үшін негіз жоқ деп есептейді, онда Ұсақ даулар сотындағы талқылауға қатысушы тараптар өздерінің сот шығыстарын өздері көтереді делінген. Сот процесінде Тараптардың ешқайсысының мінез-құлқы ақылға қонымсыз болған жоқ. Сонымен қатар, тараптар сотқа дейінгі келіссөздер кезеңінде белсенді және конструктивті түрде өзара ықпалдасты, бұл мақтауға тұрарлық (жоғарыдағы 5-тармақты қараңыз).
23. Тиісінше, әр тарап өзінің сот шығындарын өздері көтеруі тиіс.

Сот қабылдады,

Судья Лорд Баннер КС

Судья, АХҚО Ұсақ Даулар Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы атынан Абай Мыңбаев мырза өкілдік етті, заң консультанты, «Жеке практикадағы заң консультанттары орталығы» заң консультанттары палатасы, Алматы, Қазақстан.

Жауапкер атынан Санди Рахманова ханым өкілдік етті, адвокат, Алматы облыстық адвокаттар алқасы.